

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«Ш. ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ» РМҚК**

**«ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ» ИНСТИТУТЫ
«ҚАРЖЫ» КАФЕДРАСЫ**

САТАНБАЕВА А.Ө.

«МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫЛАРДЫ БАСҚАРУ»
пәні бойынша әдістемелік нұсқау
(050509 «Қаржы» мамандығы студенттеріне арналған)

Ақтау 2010ж.

УДК 368 (076)

Құрастырушы: Сатанбаева А.Ө. «Мемлекеттік қаржыларды басқару» пәні бойынша әдістемелік нұсқау экономикалық мамандықтардағы студенттерге арналған. Ақтау, 2010 – 35 б.

РЕЦЕНЗЕНТ: к.э.н. Саубетова Б.С.

Әдістемелік нұсқауда ғылым ретіндегі мемлекеттік қаржыларды басқару ауқымды қуатын қолдануды, мемлекет қаржысын соғұрлым тиімді басқаруды қарастырады. Мемлекет қаржысының жалпы сипаттамасын, мемлекет қаржысының функцияларын, қоғамдық тауарлар, игіліктер және қызметтерді, сондай ақ мемлекет қаржысының ұғымы мен құрамын және де мемлекет қаржысының негізгі буындарын аша қарастырады.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті Оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен баспадан шығаруға ұсынылды.

© Ш. Есенов атындағы КМТЖИУ, 2010

Кіріспе

Бүгінгі таңда экономикамыздың дамуындағы қаржы мәселелері төңірегіндегі шешімі табылмаған сұрақтарды игеруде маңыздылығы өте зор. Әрбір мемлекеттің тиімді дамуы үшін түрлі басқару формаларының оңтайлы түрін таңдап алу керек. Табысты қалыптасқан басқару жүйелерін сыртқы және ішкі факторларға, пайда болған жағдайға байланысты жиі өзгертулер болып тұрады, яғни сәйкес дамыған басқару түрін таңдауға тура келеді.

Ұлттық экономиканы дамыту мақсатындағы мемлекеттік қаржылардың алар орны ерекше. Мемлекет ауқымында жасалып жатқан кез келген бағдарламалар мен жобалар мемлекеттік қаржылармен ынталандырылады. Сондықтан осы бағдарламалар мен жобалардың жүзеге асуы да мемлекет үшін маңызды, себебі ел экономикасын, ондағы халықтың әл-ауқатын жетілдіру қажет.

Әдістемелік нұсқауда мемлекеттік қаржының экономикалық категория ретінде маңыздылығы көрініс табады. Әдістемелік нұсқау екі бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлімде мемлекеттік қаржының экономикалық маңызымен, оның функциялары және негізгі көздерімен студенттерді таныстыру жүреді. Сонымен қатар мемлекеттік қаржыларды басқару, жопарлау, ұйымдастыру және бақылау жұмыстарының жүру бағытын көрсетеді. Әрбір қарастырылған тақырыпқа байланысты бақылау сұрақтары берілген.

Екінші бөлімде студенттердің алған білімін тексеруге арналған тест сұрақтары енгізілген.

1 Бөлім. МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫЛАРДЫ БАСҚАРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗІ

1. Тақырып. Мемлекет қаржысының жалпы сипаттамасы

Негізгі түсініктер: *Мемлекеттің экономикалық қызметі, қоғамдық тауарлар, игіліктер және қызмет көрсетулер, мемлекет қаржысы, құрамы, оның негізгі ұғымы.*

1.1. Әдістемелік нұсқау

Кез келген қоғамда мемлекет бірқатар факторларға: қоғам дамуының таңдап алған үлгісіне, саяси құрылысына, қалыптасқан дәстүрлерге, сыртқы факторларға қарай экономикалық қызметке қатысады. Жалпы мемлекеттің қоғамдағы экономикалық қызметі оның мына функцияларынан білінеді:

1. экономикалық дамудың қалыпты дамуына құқықтық базаны анықтау;
2. монополиялық қызметті шектеу;
3. табыстар мен байлықты қайта бөлу;
4. ресурстарды қайта бөлу.

Аталған функциялардың іс-әрекеті тікелей немесе жанама түрде «қаржы» категориясын пайдаланумен байланысты болып келеді; айтарлықтай дәрежеде бұл байланыс мемлекеттің үшінші, төртінші және бесінші функцияларынан көрінеді.

Өндіріске және тиісінше белгілі бір тауарларды, игіліктерді және қызметтер көрсетуді өндіретін, қамтамасыз ететін салаларды қаржыландыруға мемлекет сондай-ақ тікелей қатыса алады. Олар қоғамдық және әлеуметтік деп аталады. Қоғамдық тауарлардың кәдуілгі нарықтық тауарлардан қағидалы айырмашылығы сол, олар бөлінбейді және шығарып тастау қағидатының іс-әрекетіне ұшырамайды. Экономикалық ресурстарды қайта бөлу проблемасы саяси тұрғыдан салық-бюджет механизмі арқылы шешілетін мемлекеттің қаржы саясаты шараларының аспектісіне ауысады және қоғам дамуының бұл кезеңінің мемлекеттік қаржысы саясатының тиімділігі мен мақсатқа сайлылығының мән-мағынасын құрайды.

Мемлекеттің қаржысы мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік, саяси функцияларын орындау үшін оны қажетті ақша ресурстарымен қамтамасыз ететін елдің қаржы жүйесінің маңызды сферасы болып табылады және олар экономика мен социумдағы сан алуан өзара байланыстарды қамтитын мемлекеттік сектордың өндірістік және әлеуметтік қатынастардағы іс-қимылымен байланысты.

Экономикалық мәні жағынан мемлекеттің қаржысы мемлекеттің, оның кәсіпорындарының қаржы ресурстарын қалыптастырып, алынған қаражаттарды мемлекет пен оның кәсіпорындарының функцияларын орындауға пайдалану үшін қоғамдық өнімнің құны мен ұлттық байлықтың бір бөлігін бөлу және қайта бөлумен байланысты болатын ақша қатынастарын білдіреді.

Мемлекеттің қаржысы республикалық және жергілікті деңгейлерде іс-әрекет етеді және мемлекеттік бюджетті, бюджеттен тыс қорларды, мемлекеттік кредитті, мемлекеттік және муниципалдық кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржыларын кіріктіреді. Аталған буындардың түрлі функциялық арналымының арқасында мемлекет экономикалық, әлеуметтік, саяси процестердің үлкен спектріне, салалық және аумақтық проблемаларды шешуге ықпал етеді. Экономикалық және әлеуметтік сфераға мемлекеттік басшылықтың деңгейіне қарай мемлекеттің қаржысы

жалпы мемлекеттік (республикалық) және жергілікті (муниципалдық) қаржылар болып бөлінеді.

Мемлекет қаржысының функциялары экономикалық категория болып табылады: бұл – бөлу мен бақылау функциялары.

Егер қаржы қатынастарын топтастыру кезінде мемлекеттің экономика мен әлеуметтік процестерге басшылық жасау деңгейіне сүйенетін болсақ, онда Қазақстан Республикасындағы мемлекет қаржысының құрылымын шамамен мынадай түрде көрсетуге болады:

1 сызба нұсқа.



Қазақстанның мемлекеттік қаржысының құрамы

Мемлекет қаржысының құрамында республикалық және жергілікті деңгейлерде қалыптасатын бюджеттік қатынастар мен өзара байланыстар маңызды рөл атқарады. Бюджеттік қатынастар көмегімен мемлекеттік құрылымдардың қарамағына қаржылық әдіспен қайта бөлінетін ұлттық табыстың едәуір бөлігі жұмылдырылады. Түрлі деңгейдің бюджеттері - республикалық, жергілікті бюджеттер тиісінше өкімет пен басқарудың республикалық және жергілікті органдары үшін тірліктің қаржы базасы болып табылады.

1.1.1. Негізгі терминдер

Ақша – барлық тауарлардың құнын өлшейтін, жалпыға балама айрықша тауар.
Бюджет – мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыруды қаржымен қамтамасыз етуге арналған орталықтандырылған ақша қоры.

Бюджет жүйесі – бюджеттердің және ҚР Ұлттық қорының, сондай-ақ бюджеттік процестер мен қатынастардың жиынтығы.

Қаржы - ақша қаражатын, қаржы ресурстарын олардың жасалуы мен қозғалысы, бөлінісі мен қайта бөлінісі тұрғысынан алып қарайтын, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы өзара есеп айырысуларға, ақша айналысына байланысты туындайтын экономикалық қатынастарды білдіретін қорытындылаушы экономикалық термин.

Қаржы ресурстары – мемлекеттің, кәсіпорындардың, бірлестіктердің, ұйымдардың қарамағындағы ақша қаражаттары мен қорларының жиынтығы; қоғамдық жиынтық өнім мен ұлттық табысты қайта бөлу барысында құрылады.

1.2. Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Мемлекет қаржысының жалпы сипаттамасы.
2. Мемлекет қаржысының функциялары.
3. Құйылым шығындары.
4. Құйылым пайдалары.
5. Қоғамдық тауарлар, игіліктер және қызметтер.
6. Мемлекет қаржысының ұғымы мен құрамы.
7. Мемлекет қаржысының негізгі буындары.

2. Тақырып. Қаржы саясаты мен қаржы механизмі

Негізгі түсініктер: *Қаржы саясаты, қаржы саясатының мақсаты, қаржы саясатының міндеттері, қаржы жүйесі, қаржы механизмі.*

2.1. Әдістемелік нұсқау

Қаржы саясаты – бұл қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі міндеттерді шешу үшін қаржыны пайдалану жөніндегі мемлекеттің нысаналы қызметі, қаржыны басқарудың түпкілікті мақсаты, оның нақтылы нәтижесі.

Қаржы саясаты өзіне бюджет, салық, ақша, несие, баға және кеден саясатын қамтиды. өз кезегінде мемлекеттің қаржы саясаты тек оның экономикалық және әлеуметтік саясатын жүзеге асырудың құралы болып келеді, яғни қосалқы рөлді орындайды.

Мезгілінің ұзақтығына және шешілетін мәселелердің сипатына қарай мемлекеттің қаржы саясаты қаржы стратегиясы мен қаржы тактикасы болып бөлінеді.

Қазіргі жағдайда қаржы саясатының негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

1. шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысының сферасында нарықтық қатынастарды нығайту жөнінде шаралар жүргізу;
2. дағдарысты жай-күйді жою және қаржы жүйесін сауықтандыру;
3. халықты әлеуметтік қорғау жөнінде шаралар кешенін жүргізу.


Қаржы саясатының мақсаты – қоғам дамуының аса маңызды қажеттіліктерін қанағаттандыруға қажет қаржы ресурстарын толық жұмылдыру.

Қаржы жүйесі – бұл қаржылық қатынастардың өзара байланысты сфералары мен буындарының, оларға тән орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ақша қаражаттары қорларының және оларды басқару аппаратының жиынтығы. Қаржы жүйесі интеграциялық тұрпатты жүйе болып табылады, оған кіретін элементтердің (қосалқы жүйелердің) тығыз байланысымен және оның қосалқы жүйелерінің бірде-бірі өзінше өмір сүре алмайтындығымен сипатталады: қаржы бір жағынан, өндірістік қатынастардың бір бөлігін білдіреді және осы қатынастар жүйесінің элементі болып келеді, екінші жағынан, өзінің функциялық өзіндік ерекшелігі бар өзара байланысты элементтерден тұратын жүйе болып табылады. Функциялық сыныптауға сәйкес қаржыларда функциялық қосалқы жүйелер ретінде мыналарды айтуға болады: салық, бюджет, сыртқы экономикалық, қаржылық жоспарлаудың (болжаудың), қаржылық бақылаудың және басқа қосалқы жүйелері. Бүгінде Қазақстанның қаржы жүйесінің құрамы қаржы қатынастарының біршама дербес мына сфераларынан тұрады:

- мемлекеттің бюджет жүйесі;
- арнаулы бюджеттен тыс қорлар;
- мемлекеттік кредит;
- жергілікті қаржы;
- шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы;
- халықтың қаржысы.

Қазақстан Республикасы қаржы жүйесінің құрылымы сызда көрсетілген.

2 сызба нұсқа.



Қаржы механизмінің жүйесі

Қаржы саясаты-бұл экономикалық саясаттың құрамды бөлігі; мемлекеттің өз функциялары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін қаржыны ұйымдастырып, пайдалану шараларының жиынтығы; қаржы ресурстарын жұмылдыру, оларды бөлу нысандары мен әдістерінде қаржы заңнамасында мемлекеттік кірістер мен шығыстар құрылымында көрініс табады.

Қаржы механизмі- бұл шаруашылық механизмнің құрамды бөлігі; бөлу және қайта бөлу қатынастарының кең жүйесі жүзеге асырылатын табыстар мен қорлану құралатын және орталықтандырылған ақша қорлары құрылып, пайдаланылатын нысандар мен әдістердің жиынтығы. Қаржылық жоспарлауды, қаржыны басқаруды, қаржы тұтқалары мен ынталандырмаларын, қаржы көрсеткіштерін, нормативтерін, лимиттерін, қаржы резервтерін кіріктіреді.

2.1.1. Негізгі терминдер

Қаржы жүйесі – белгілі бір қоғамдық-экономикалық формация шеңберінде өмір сүретін қаржы қатынастары мен қаржы мекемелерінің жиынтығы; тар мағынада – мемлекеттің қаржы мекемелерінің жүйесі.

Қаржы қатынастары - өндірістік қатынастардың табиғи құрамды бөлігі; мемлекет пен шаруашылық жүргізуші жеке субъектілері арасындағы ақша нысанындағы экономикалық қатынастарды көрсетеді.

Қаржылық қызмет көрсету - ҚР-ның заңнамасына сәйкес алынған лицензиялар негізінде жүзеге асырылатын сақтық нарығы, бағалы қағаздар нарығы, инвестициялық қор, жинақтаушы зейнетақы қорлары қатысушыларының қызметі, сондай-ақ банк қызметі.

2.2. Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Қаржы саясаты мен қаржы механизмінің мәні мен маңызы.
2. Қаржы саясатының міндеттері.
3. Қаржы механизмінің құрылымы.
4. Әлеуметтік-экономикалық процесстердегі қаржы саясатының және қаржы механизмінің мәні.
5. Қаржы саясатының мақсаттары, қағидаттары.
6. Қаржы механизмінің жүйесі.
7. Қаржы саясатын дайындағанда алынатын бастапқы негізде.

3. Тақырып. Мемлекеттің кірістері

Негізгі түсініктер: *Мемлекет кірістері, орталықтандырылған қаржы кірістері, ұлттық табыс, эмиссия, мемлекеттік қарыздар, мемлекеттік қаржы ресурстары, мемлекеттің кірістерін сыныптаамасы.*

3.1. Әдістемелік нұсқау

Мемлекеттік табыстар дегеніміз – экономикалық қатынастар жүйесі негізінде қалыптасатын құралдар. Яғни меншігіне түсетін материалдық базаны құру.

Табыс – белгілі бір қызметтің жемісі. Шығынмен жасалған жұмыстың нәтижесі. Табыстар өндіріс қорытындысы және өндірілген өнімді бөлістіру кезінде болады.

Материалды-заттай жағқынан алғанда табыс ақша құралы болып анықталады. Ол мемлекетте, кәсіпорында ұйымда, халықта жиналады. Мемлекеттік табыстың экономикалық маңызы және оның ұйымдастырылуы шаруашылық жүйелерге, саяси және экономикалық қатынастардағы мемлекеттің роліне байланысты.

Мемлекеттік табыс ұйымдастыру-құқықтық меншік түріне байланысты:

- мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың табысы;
- жеке кәсіпкерлік сектордан түсетін салық;
- халықтың салық төлеуі;
- кәсіпорындар, ұжымдық ұйымдар мен кооперациялардан түсетін салық;
- қоғамдық ұйымдардан түсетін салықтардан тұрады.

Мемлекеттік табыс:

1. материалдық өндіріс ортасында қалыптасқан табыс;
2. өндірістік есмес орта қалыптасқан табыс болып бөлінеді.

3.2. Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Мемлекет кірістерінің мәні.
2. Мемлекет кірістерінің сыныптамасы.
3. “Мемлекеттік қаржы ресурстары” мен “мемлекеттің кірістері” ұғымдарының айырмашылықтары.
4. Мемлекеттің табыстарын әртүрлі белгі бойынша сыныптау.
5. Мемлекет кірістерінің мемлекеттік бюджет кірістерінен айырмашылығы.

4. Тақырып. Салықтар және салық салуды ұйымдастыру

Негізгі түсініктер: *Салықтар, салық Кодексі, салықтардың экономикалық белгілері, салық жүйесі.*

4.1. Әдістемелік нұсқау

Салықтар – мемлекет біржақты тәртіппен заң жүзінде белгілеген белгілі бір мөлшерде жүргізілетін, қайтарымсыз және өтеусіз сипатта болатын бюджетке төленетін міндетті ақшалай төлемдер.

Салықтың экономикалық мәні – шаруашылық субъектілерінен, азаматтардан ұлттық табыстың бір бөлігін алу жөніндегі өндірістік қатынастардың бір бөлігі болып табылатындығында.

Салықтарға экономикалық әдебиеттерде әр түрлі анықтама берілген.

1. *Салық Кодексінде Салық дегеніміз* мемлекет біржақты тәртіппен заң жүзінде белгілеген, белгілі бір мөлшерде жүргізілетін, қайтарымсыз және өтеусіз сипатта болатын бюджетке төленетін міндетті ақшалай жарналар. дегеніміз мемлекеттік бюджетке заңды және жеке тұлғалардан белгілі бір мөлшерде және мерзімде түсетін міндетті төлемдер болып табылады.
2. *Салық-* заң актілеріне сәйкес салық төлеушілермен жүзеге асырылатын бюджетке төленетін міндетті төлем.
3. *Салық* – белгілі-бір объектілерден төленетін төлем.
4. *Салық* – белгілі бір мерзімде және белгілі бір көлемде алынатын заң бойынша қарастырылған міндетті төлемдер.

5. *Салықтар* - шаруашылық жүргізуші субъектілердің, жеке тұлғалардың мемлекетпен екі арадағы мемлекеттік орталықтандырылған қаржы көздерін құруға байланысты туындайтын қаржылық қатынастарды сипаттайтын экономикалық категория.

Салықтардың экономикалық мәні мынада:

- біріншіден, салықтар шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халық табысының қалыптасуындағы қаржылық қатынастардың бір бөлігін көрсетеді
- екіншіден, шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халық табысының белгілі бір мөлшерін мемлекеттік үлесіне жинақтап, жиынтықтаудың қаржылық қатынастарын көрсетеді.

Салықтар мемлекеттің құрылуымен бірге пайда болады және мемлекеттің өмір сүруі мен дамуының негізгі қаржылық көзі болып табылады. Мемлекет құрылымының өзгеруі, өркендеуі қашан да болса оның салық жүйесінің қайта құрылуымен, жаңаруымен бірге қалыптасады. Әрбір мемлекетке өзінің ішкі және сыртқы саясатын жүргізу үшін белгілі бір мөлшерде қаржы көздері қажет.

Салықтардың экономикалық белгілері:

- салық мемлекетке тиесілі қоғамдық жиынтық өнімді бөледі
- салық ақшалай нысанда төленеді
- салық қайтарылмайтын төлем болып табылады
- салық баламасыз сипатта болады
- салық салық төлеген кезде меншік нысандарын айқындайды
- салық тұрақты экономикалық қатынас туғызады.

Салықтың құқықтық белгілері:

- салықты мемлекет немесе мемлекет уәкілдік берген мемлекеттік орган белгілейді
- салық құқықтық нысанда жүзеге асады
- салық мемлекеттің біржақты белгіленімі болып табылады
- салықты белгілеу арқылы салық міндеттемесі туындайды
- салық мәжбүрleme сипатқа ие болады.
- Салық төлеу арқылы ақшаны алу құқықтық мипатта жүзеге асады.

Салық жүйесі- мемлекетте алынатын салықтардың, сондай-ақ олардың құралу нысандары мен әдістерінің жиынтығы. Мына жерге мән беру керек, яғни салықтың әрбір түріне жекеше тоқталу. Салықты белгісі бойынша классификациялау:

- салық салудың объектісі бойынша (тікелей және жанама)
- қолдану белгілері бойынша (жалпы және арнайы)
- салықты құрастыру әдістері, элементтері, салықты алу тәсілдері.

4.2. Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Салық жүйесі.
2. Салық алуды ұйымдастыру.
3. Жанама салықтар.
4. Арнаулы салық режимдері.
5. Салықтарды аудару.
6. Корпорациялық табыс салығы.
7. Жеке табыс салығы.
8. Әлеуметтік салық.

9. Меншікке салынатын салық.
10. Алымдар, баждар, төлемдер.
11. Салық төлеуден жалтарну.

5. Тақырып. Мемлекет шығыстары

Негізгі түсініктер: *Мемлекет шығыстары, экономиканы қаржыландыру, әлеуметтік-мәдени шараларға жұмсалатын шығыстар, халықты әлеуметтік қорғау шығыстары, ғылыми техникалық прогресті қаржыландыру, қорғанысқа және басқаруға жұмсалатын шығыстар, басқару қызметін қаржыландыру проблемалары, мемлекеттік шығыстар сыныптамасы, субсидия, субвенция.*

Әдістемелік нұсқау

Мемлекеттік шығындар – ақшалай шығын. Мемлекеттің қалыптасуына байланысты шығындар. Экономикалық категория ретінде мемлекеттік шығындар экономикалық қатынастарды көрсетеді. Жалпы қоғамдық өнімді бөлістіру және тұтынуға байланысты болған шығындар.

Мемлекеттік шығындар құрамына мемлекеттік бюджеттің шығындары, мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың шығындары, өндірістік және өндірістік емес орта мекемелердің шығындары жатады.

Әртүрлі бағытқа кеткен шығындар жиынтығы мемлекеттік шығын жүйесін құрайды.

Мемлекеттік шығынды ұйымдастыру оны жобалау арқылы және құралдарды пайдалану мен оны қаржыландыруды қатты тәртіпте жүргізу арқылы болады. Сондықтан мемлекеттік шығындарды ұйымдастыру жоспарлы принципке негізделген.

Мемлекеттік шығын экономикалық мазмұны жағынан мынадай 3 топқа бөлінеді:

1. материалдық өндіріске байланысты шығындар;
2. өндірістік емес орта қызметіне арналған шығындар;
3. мемлекеттік резервті құру шығыны.

Мақсатты қасиеті бойынша шығындар: экономикалық, әлеуметтік-мәдени, ғылыми, қоғамдық және басқару шараларына арналған шығындар болып бөлінеді.

Аймақтық қасиеті бойынша шығындар: экономикалық аудандарға байланысты бөлінеді.

Мемлекеттік шығындар мемлекеттік қажеттілікті құралдарды максималды тиімді пайдаланып қанағаттандыруы қажет.

Мемлекеттің шығыстары қаражаттарды ең жоғары тиімділікпен пайдаланған жағдайда мемлекеттік қажеттіліктерді неғұрлым толық қамтамасыз етуі тиіс. Осыған байланысты шаруашылық жүргізудің ерекшеліктерімен анықталатын мемлекеттің шығыстарын қаржыландырудың екі әдісі болады.

1. шаруашылық есептегі кәсіпорындар мен ұйымдарды қаржыландыру меншікті ресурстар, банк несиелері есебінен және жетіспеген бөлігі бюджет қаражаттары есебінен жасалынады;
2. сметалық-бюджеттік қаржыландыру. Сметалық тәртіппен ерекше құжаттардың – сметалардың негізінде әлеуметтік-мәдени шаралар, мемлекеттік билік пен басқару органдарын ұстау, қорғаныс шығындары қаржыландырылады. Сметалық тәртіппен қаржыланатын мекемелер мен ұйымдар бюджеттік деп аталады.

Ерекше жағдайларда әдіс ретінде айналысқа қолма-қол ақша шығару және несиелік эмиссия есебінен (қолма-қол ақшасыз) эмиссиялық қаржыландыру қолданылады.

Бағдарламалар мен шараларға, халықты әлеуметтік қоғауды қамтамасыз етуге және басқа мақсаттарға берілетін нысаналы мемлекеттік қаржылық көмектің нысаны – бюджеттік қаржыландырудың мынадай нысандары қолданылады: демеуқаржы, субвенциялар, субсидиялар.

Демеуқаржылар кезінде ақша қаражаттары қайтарусыз тәртіппен бюджет пен бюджет қорларынан кәсіпорындар мен ұйымдардың зияндарын жабу үшін, сондай-ақ төменгі бюджеттерді баланстау үшін бөлінеді. Бұл нысан ауыл шаруашылығы өнімінің бағаларындағы айырманы өтеу, жеке өнімдер мен тауарлардың әлеуметтік-қолайлы бағаларын қолдау, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың зияндарын жабу, театр, ойын-сауық және басқадай ұйымдардың шығындарын ішінара өтеу түрінде тараған болатын.

Субвенциялар – халықты әлеуметтік қолдауды қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламалар мен шараларға және басқа мақсаттарға нысаналы мемлекеттің қаржы көмегінің нысаны; мақсатты пайдалану бұзылған жағдайда қаражаттар қайтарылуға жатады.

Субсидиялар – үлестік негізде белгілі бір шараларды қаржыландыруға бюджет, бюджеттен тыс және арнаулы қорлардың қаражаттары есебінен ақша және заттай нысанындағы жәрдемақылар.

Аталған нысандар трансферттік қаржыландырудың түрін қабылдайды. Трансферттер деп кең мағынада бюджеттен және бюджеттен тыс қорларды белгілі бір қажеттіліктерді қаржыландыру үшін қаражаттарды қайта бөлу кезінде оларды өтеусіз және қайтарусыз беруді айтады. әдеттегідей, бұл әлеуметтік сақтандыру мен қамсыздандыру бойынша төлеулер, жұмыссыздық бойынша, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және т.б. жүйесін ұстауға берілетін жәрдемақылар.

Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Экономиканы қаржыландыру.
2. Әлеуметтік-мәдени шараларға жұмсалатын шығыстар.
3. Халықты әлеуметтік қорғау шығыстары.
4. Ғылыми техникалық прогрессті қаржыландыру.
5. Қорғанысқа және басқаруға жұмсалатын шығыстар.
6. Мемлекеттік шығыстар сыныптамасының критерийлері мен түрлері.
7. Басқару қызметін қаржыландыру проблемалары.

6. Тақырып. Мемлекеттік бюджет

Негізгі түсініктер: *Бюджет, мемлекеттік бюджет, бюджет жүйесі, бюджет тапшылығы, ресми трансферттер, профицит, мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстарының құрылымы, бюджет балансы. бюджеттік процесс.*

6.1. Әдістемелік нұсқау


Бюджет кодексіне сәйкес, *мемлекеттік бюджет* – бұл араларындағы өзара өтелетін операцияларды есепке алмағанда, республикалық және жергілікті бюджеттерді біріктіретін, бекітуге жатпайтын жиынтық бюджет, ол тек талдамалық

ақпарат ретінде пайдаланылады. Бюджеттердің жекелеген түрлерінің кірістері мен шығыстарын қалыптастыру, оларды теңестіру үдерісінде заңмен реттеліп отыратын белгілі бір қаржылық өзара қарым – қатынастар пайда болады. Осы элементтердің барлығы – бюджет жүйесін ұйымдастыру мен құрудың қағидаттары, оның буындарының өзара қатынастары мен байланысының ұйымдық нысандары, бюджет құқықтарының жиынтығы – *бюджет құрылысын* құрайды. Бюджет құрылысында басты орынды *бюджет жүйесі* алады, ол – бюджеттердің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, сондай-ақ бюджеттік үдерістер мен қатынастардың жиынтығы.

Қаржы қатынастарының белгілі бір жиынтығы ретіндегі мемлекеттік бюджетке ең алдымен жалпы қаржы категориясынан ажырататын өзгеше белгілер тән: бюджет қатынастарының бөлгіштік сипаты бар, әрқашан ақша нысанында жүзеге асырылады, мақсатты ақша қорларын қалыптастырумен және пайдаланумен қосарлана жүреді. Сонымен бірге, бюджет қатынастарына белгілі бір өзіндік ерекшелік тән, алайда ол қаржымен ортақ өзгеше белгілердің шеңберінен шықпайды.

Құндық бөліністің айрықшалықты сферасы ретінде мемлекеттік бюджет мына өзгеше белгілермен сипатталады:

- 1) мемлекеттен жалпы қоғамдық өнімнің бір бөлігін оқшауландырумен және оны қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға пайдаланумен байланысты бөлгіштік қатынастардың айрықша экономикалық нысаны болып табылады;
- 2) құнды жасау және оны тұтыну процесін шарттастыратын материалдық өндіріс қаржысынан және құнды тұтынуға қызмет ететін өндірістік емес сфера қаржысынан мемлекеттік бюджеттің айырмашылығы ол ұлттық шаруашылықтың салалары, аумақтар, экономиканың секторлары, қоғамдық қызметтің сфералары арасында құнды қайта бөлуге арналған;
- 3) қоғамдық өнімнің оның тауар нысанындағы қозғалысымен тікелей байланысты емес құндық бөліністің стадиясын білдіреді және одан белгілі үзілісте жүзеге асырылады, ал қаржы қатынастары материалдық өндірісте де, өндірістік емес сферада да тауар-ақша қатынастарымен тығыз тоқайласып жатады



Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі.

Мемлекеттік бюджет экономикалық категория ретінде жалпы қаржы сияқты бөлу және бақылау функцияларын орындайды. Бұл функциялардың іс қимылы, мазмұны, мәні мен маңызы бюджет қатынастарының қаралған айрықшалығымен айқындалады. Бөлгіштік функцияның іс-әрекетінің өзіндік ерекшелігі сол, қоғамдық өнімнің құны қоғамдық өндірістің сфералары, ұлттық шаруашылықтың секторлары, аумақтар, салалар, жеке шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында бөлінеді. Мемлекеттік бюджет арқылы бүгінде Қазақстанда жалпы қоғамдық өнімнің шамамен 10% және жалпы ішкі өнімнің 20% бөлінеді. Сонымен бірге мемлекет қаржысының негізгі буыны ретінде мемлекеттік бюджет бөлгіштік функция шеңберінде қосалқы функцияларды, атап айтқанда: ұлттық табыс пен жалпы ішкі өнімді қайта бөлу; экономиканы мемлекеттік реттеу және ынталандыру; әлеуметтік саясатты қаржымен қатамасыз ету; ақша қаражаттарының орталықтандырылған қорын жасау және пайдалануға бақылау жасау сияқты сипатты функцияларды орындайды. Бақылау функциясы бюджет қорларын бөлудің сандық үйлесімдерінде, олардың қоғамдық өндіріс дамуының қажеттіліктеріне сай келетіндігінде, бөлудің ұнамсыз барысынан ауытқуын анықтау және оларды жою мүмкіндігінде көрінеді.

Мемлекеттік бюджеттің сан қырлы маңызын ескере отырып, оны тек экономикалық категория және мемлекеттің орталықтандырылған ақша қоры ретінде ғана емес, сонымен бірге негізгі қаржы жоспары, әлеуметтік-экономикалық процестерді реттеу механизмінің жиынтық ұғымы ретінде қарауға болады. Мәселен, мемлекеттік бюджетте қоғамдағы барлық экономикалық процестер бейнеленетіндіктен, сондай-ақ барлық негізгі қаржы институттары – салықтар, мемлекеттің шығыстары, мемлекеттік кредит, мемлекеттік қарыздар және т.б. өзінің

шоғырланған көрінісін табатындықтан бюджет мемлекеттің негізгі қаржы жоспары ретінде сипатталады. Ол нақты кезеңге, әдетте, бір жылға жасалынады, бюджеттің кірістерін, шығындарын, орталықтандырылған қаржы ресурстарының шешуші бөлігінің қозғалысын анықтайды. Бюджетті негізгі қаржы жоспары деп мойындау оның ұлттық табысты қайта бөлудегі маңызды орнын, қаржы жоспарларының жүйесіндегі басымдық жағдайын, сондай-ақ қоғамдық ұдайы өндірістегі айрықша рөлін айқындайды. Негізгі қаржы жоспары мемлекеттің қаржылық қызметінің жемісі болып табылады. Елдің негізгі қаржы жоспарының көрсеткіштері республика Парламентінің жыл сайын қабылдайтын Республикалық бюджет туралы заңына сәйкес сөзсіз орындауға жатады.

Бюджет кодексіне сәйкес бюджеттің құрылымы мына бөлімдерден тұрады:

1) кірістер:

салықтық түсімдер;

салықтық емес түсімдер;

негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер;

ресми трансферттер түсімдері;

2) шығындар;

3) операциялық сальдо;

4) таза бюджеттік кредит беру:

бюджеттік кредиттер;

бюджеттік кредиттерді өтеу;

5) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо:

қаржы активтерін сатып алу;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер;

б) бюджет тапшылығы (профициті);

7) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану):

қарыздар түсімі;

қарыздарды өтеу;

бюджет қаражаты қалдықтарының қозғалысы.

Бюджеттерді бекіту және бюджеттердің атқарылуы туралы есептерді түзу осы көрсетілген құрылым бойынша жүзеге асырылады.

Бюджеттің кірістері салықтық және басқа міндетті төлемдер (салықтар және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер), ресми трансферттер, мемлекетке өтеусіз негізде берілетін, қайтарылатын сипатта болмайтын және мемлекеттің қаржы активтерін сатумен байланысты емес, бюджетке есептелуге тиісті ақшалар болып табылады. Салықтық емес түсімдер – бюджетке төленетін міндетті, қайтарылмайтын төлемдер, сондай-ақ ресми трансферттерден басқа, бюджетке өтеусіз негізде берілетін ақша. Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдерге мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті, мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды, мемлекет меншігіндегі жер учаскелерін жеке меншікке сатудан немесе оларды тұрақты немесе уақытша жер пайдалануға беруден, мемлекетке тиесілі материалдық емес активтерді сатудан түсетін ақшалар жатады. Ресми трансферттердің түсімдері – бұл бюджеттің бір деңгейінен екіншісіне Ұлттық қордан бюджетке түсетін трансферттердің түсімдері.

Мақсатты ресми трансферттерді қоспағанда, кірістердің нысаналы мақсаты болмайды.

Бюджеттің шығындары – қайтарылмайтын негізде бөлінетін бюджет қаражаттары. Шығындардың қатаң мақсатты арналымы болады.

Бюджет шығындары мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) мемлекеттік мекемелердің қызметін қамтамасыз ететін шығындар;
- 2) тұрақты сипаты жоқ іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуге байланысты шығындар;
- 3) мемлекеттік тапсырысқа арналған шығындар – мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында өндірілетін тауарларға мемлекеттік органдардың ақы төлеуі;
- 4) жеке тұлғаларға ақшалай төлемдер – қызметкерлерге еңбегі үшін ақшалай төлемдерден басқа, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жеке тұлғаларға ақша нысанындағы төлемдермен байланысты шығындар;
- 5) заңи тұлғаларға субсидиялар - мемлекеттік мекемелер және қоғамдық бірлестіктер болып табылмайтын заңи тұлғаларды өтеусіз және қайтарусыз негізде қаржыландыру;
- 6) ресми трансферттер – бюджеттің бір деңгейінен екіншісіне, сондай-ақ Ұлттық қорға трансферттер төлеу және мемлекеттік міндеттемелерді орындауға арналған шығындардың өзге де түрлері.

6.2. Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Бюджет жүйесі және бюджет құрылысы.
2. Мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстарының құрылымы.
3. Бюджет балансы.
4. Бюджет тапшылығы.
5. Бюджеттік процесс
6. Бюджетті бекітуді жүзеге асыру.
7. Біріңғай бюджеттік сыныптаманың экономикалық маңызы.

7. Тақырып. Жергілікті қаржылар.

Негізгі түсініктер: *Муниципалдық қаржылар, дотация, муниципалдық қаржылар жүйесі, муниципалдық қаржылардың қызметтері, жергілікті бюджет ролі.*

Әдістемелік нұсқау

Жергілікті қаржы – ақша нысанындағы қоғамдық өнімнің бір бөлігін жергілікті басқару органдары өздеріне артылған функцияларға сәйкес жасау, бөлу, пайдалану процесіндегі қаржы қатынастарының жүйесі.

Муниципалдық қаржы мемлекеттік қаржы жүйесінің маңызды құрамды бөлігі болып табылады.

Ол жергілікті бюджеттерді, арнаулы бюджеттен тыс қорларды және басқарудың жергілікті органдарының қарамағындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысын кірістіреді.

Басқарудың жергілікті органдарына мемлекеттің әлкеуметтік бағдарламаларын жүзеге асыру жөнінде маңызды міндеттер жүктелінген. Халыққа қызмет көрсету жөніндегі шараларды қаржыландыру негізінен жергілікті қаржы ресурстары есебінен жүзеге асырылады. Әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымның

салалары халыққа қызметтер көрсетуді бюджет қаражаттарынан қалыптасатын қорлар есебінен көрсетеді.

Муниципалдық қаржының ролі, оның құрылымы мен бағыты бүтіндей билік пен басқарудың жергілікті органдарына жүктелінген функциялардың сипатымен, сондай-ақ мемлекеттің әкімшілік-аумақтық құрылысымен және оның саяси – экономикалық бағыттылығымен анықталады.

Муниципалдық қаржының жай-күйі әрқашанда, біріншіден, елдің жалпы экономикалық жағдайына; екіншіден, тиісті аумақтардың экономикалық әлеуетіне; үшіншіден, билік пен басқарудың жергілікті органдарының құқығы мен міндеттерін белгілі бір дәрежеде реттеп отыратын мемлекеттік заңдардың деңгейіне; төртіншіден, биліктің жергілікті органдары құзының дәрежесіне байланысты болады.

Аймақтардың шаруашылық қызметінің ұлғаюы мемлекеттік және муниципалдық бюджеттердің өзара қатынастарының проблемасына, жергілікті бюджеттердің мемлекеттік қаржыландырудағы және оны жүзеге асыру нысандарындағы қажеттіліктерін дұрыс ұйымдастыруға жаңа көзқарасты талап етеді.

Муниципалдық қаржылар бөлістіру, реттеу, бақылау функцияларын атқарады.

Муниципалдық құрылымның қаржы жоспарының дамуында мынадай негізгі мәселелер қарастырылып, қалыптасады;

1. қаржы-экономикалық;
2. әлеуметтік-мәдени;
3. коммуналдық-тұрмыстық және халыққа қызмет көрсету,
4. көлік және байланыс;
5. табиғи-экологиялық;
6. құрылыс және т.б.

Жергілікті қаржы – ақша нысанындағы қоғамдық өнімнің бір бөлігін жергілікті басқару органдары қайта бөлу, пайдалану процесіндегі қаржы қатынастарының жүйесі.

Жергілікті бюджет – бұл ұлттық табысты аумақтық тұрғыда қайта бөлуге мүмкіндік жасайтын және жергілікті органдардың қаржы базасын жасауды қамтамасыз ететін экономикалық қатынастардың жиынтығы.

Бюджеттен тыс қорлар мемлекеттің қаржы жүйесінің маңызды буыны, бұл мемлекеттің қатаң тәртіпте, белгілі бір мақсаттарға пайдаланатын және заң жүзінде қалыптасуының бекітілген көздері бар ақша ресурстарының жиынтығы.

Үкіметтің Ұлттық банктегі шотында шоғырландыратын мемлекеттің қаржы активі ұлттық қор болып табылады.

7.2. Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Муниципалдық қаржылар
2. Муниципалдық қаржылардың қалыптасу көзі
3. Муниципалдық қаржылардың қызметтері
4. Муниципалдық қаржылар жүйесі
5. Жергілікті бюджет
6. Жергілікті бюджет құрамы
7. Жергілікті бюджет қызметтері

8. Жергілікті бюджет ролі
9. Жергілікті бюджет табыстары
10. Жергілікті бюджет шығыстары
11. Дотация
12. Субвенция
13. Субсидия
14. Муниципалдық деңгейдегі бюджетаралық қатынастар
15. Бюджеттік процесс

8. Тақырып. Мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар

Негізгі түсініктер: Мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар, бюджеттен тыс қорлардың органдары, қалыптасу көздері,

8.1. Әдістемелік нұсқау

Қаржы жүйесінің басты бөлімдерінің бірі болып бюджеттен тыс қорлар табылады.

Мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар – белгілі бір мақсатты жергілікті және аймақтық, орталықтық басқару органдарының билігіндегі қаржы ресурстарының жиынтығы. Оның қалыптасуы және пайдаланылуы қаржы құқығымен бақыланады.

Бюджеттен тыс қорлар – тұрғындардың әлеуметтік жағдайы нашар топтарға арналып билік органдарының ұлттық табысты қайта бөлістіру әдісі.

Бюджеттен тыс қорлар маңызды екі міндетті орындайды:

1. экономиканың жақсы, алдағы ортасын, саласын қосымша табыспен қамтамасыз ету;
2. тұрғындарға әлеуметтік қызмет көрсетуді дамыту.

Алғашында бюджеттен тыс қорлар арнайы қор түрінде қалыптасты. Мемлекеттік билік өзінің қызметін кеңейтуде қосымша шығын шығаруға тура келеді. Мемлекеттік шараларды орындлау үшін арнайы қорлар ашылды. Қорлар саны бірте бірте көбейе түсті. Кейбір қорлардың бірігуі басқа бір қорлардың пайда болуына ықпал етті. Жаңадан құрылған қор парламент шешімімен бекітіліп заңды күшке ие болады.

Бюджеттен тыс қорлар бірнеше ерекшелікке ие және қасиеттерге байланысты:

- мемлекеттік билік органдарында шаруашылық өмірге араласуына қосымша қаржы пайда болады, кәсіпкерлікті қолдау қаржылары болады, экономиканы тұқұрақтандыруға.
- өте қатал пайдалану бақылаудың қажеттілігін, тиімділігін арттырады.
- Бюджеттік дефицитті жабу құралы болып табылады.

Бюджеттен тыс қорлар екі жол арқылы қалыптасады.

1. бюджеттен белгілі шығын бөлу.
2. белгілі мақсатқа арналған жеке көздер арқылы бюджеттен тыс қорларды жасау.

Осылай құрылған қорлар арқылы халықтың жағдайын жақсартуға, оны сақтандыруға жұмсалады.

Бюджеттен тыс қорлардың материалдық көзі болып Ұлттық табыс табылады. Қордың көп бөлігі Ұлттық табыстың қайта бөлістірілуінен құралады.

Бюджеттен тыс қорлар мемлекет қарамағында болады.

Мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар – қорлардың ұйымдық дербестігі негізінде кешенді пайдаланылатын бірқатар қоғамдық қажеттіліктерді қаржыландыру үшін тартылатын қаржы ресурстарын қайта бөлу мен пайдаланудың айрықшалықты нысаны.

Қалыптасу көздері:

- а) арнаулы мақсатты салықтар, қарыздар;
- ә) бюджеттен берілетін субсидиялар;
- б) қосымша табыстар мен үнемделген қаржы ресурстары;
- в) ерікті жарналар және қайырмалдықтар.

Бюджеттен тыс қорлар толық көлемде ресурстарды мақсатты пайдалануды және аса маңызды әлеуметтік шараларды дер кезінде қаржыландыруды кепілдендіреді; олар қаржылық қиыншылықтар жағдайында мемлекеттік билік органдары иек артатын қаржы резерві рөлін орындайды.

Бюджеттен тыс қорлардың органдары:

- басқару;
- атқарушы органдар;
- тексеріс комиссиясы;
- қордың аймақтық бөлімшелері.

8.2. Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Бюджеттен тыс қорлар түсінігі
2. Бюджеттен тыс қорлардың мақсаттары
3. Бюджеттен тыс қорлар түрлері
4. Зейнетақы қорлары
5. Әлеуметтік сақтандыру қорлары
6. Мақсатты бюджеттік қорлар
7. Бюджеттен тыс қорлардың қалыптасу көзі

9. Тақырып. Мемлекеттік несие мен мемлекеттік борыш

Негізгі түсініктер: *Мемлекеттік несие түсінігі. Мемлекеттік несие маңызы. Несиелік әдіспен халықтың шаруашылық органдардың қаражаттарын жұмылдырудың ауқымына әсер етуші факторлар. Ақша айналысының жағдайына мемлекеттік несиенің әсері. Қазақстан Республикасының мемлекеттік борышы. Мемлекеттік борышты басқару.*

9.1. Әдістемелік нұсқау

Мемлекеттік несие-ол мемлекетпен жергілікті үкімет органдарының облигация сату арқылы жеке және заңды тұлғалардан несие алуы. Бұл несие қатынастарының субъектілері: несие беруші-халық және заңды ұйымдар, несие алушы-мемлекет және оның жергілікті органдары. Мемлекеттік несие-қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болып екіге бөлінеді.

Мемлекеттік несие - мемлекет және жергілікті билік ұйымдарының өздері қарыз алушы немесе қарыз беруші болып табылатын заңды тұлғалар мен азаматтарға байланысты қалыптасатын несиелік қатынастар жиынтығы

Мемлекеттік несие қатынастарының субъектілері:

- несие беруші – халық және заңды ұйымдар;

■ несиені алушы – мемлекет және жергілікті органдар.

Мемлекеттік несиенің рөлі - мемлекеттің кезек күттірмейтін мұқтаждарын қаржыландыру.

Мемлекеттік несиенің көздері - кәсіпорындарда, банктерде, зейнетақы қорларында, сақтық қорларында, халықта пайда болатын уақытша бос қаражаттар.

Мемлекеттік несиенің функциялары:

■ қайта бөлу функциясы;

■ реттеуші функциясы.

Қайта бөлу функциясы – халықтың, шаруашылық субъектілердің уақытша бос қаражаттарын шоғырландырумен байланысты. Бұл функцияда мемлекеттік несиені жинақ ақшаны ұйымдастыру нысандарының бірі болып табылады. Несиенің көмегімен біршама жинақ ақша мемлекетте шоғырландырылады және оның қажеттіліктерден қаржыландыруға бағытталады. Бұл функция іс-әрекетінің объективті нәтижелері ұлғаймалы ұдайы өндірістің ауқымын арттыру және оның қарқынын тездету болып табылады.

Реттеуші функциясы – мемлекет несиелік пайыздың мөлшеріне ықпал жасай отырып, ақша ағымдарын реттейді. Мемлекет несиені капитал нарығындағы бәсекеге араласып, жеке инвесторларды нарықтан ығыстырады да, бизнестің белгілі бір түрін инвестициялауды шектейді. Мемлекеттің бағалы қағаздарын сатып алу кезінде айналыстағы ақшаның қысқаруына әсер етеді, мұның өзі ақша эмиссиясының зардаптарын жою үшін тиімді болуы мүмкін.

Мемлекеттік несиенің түрлері:

1. ішкі – мемлекеттік несиені қатынастары жан-жақты тұрғыда: қарызгер кезінде де, несиені ретінде де елдегі үкіметтің, биліктің жергілікті органдарының, кәсіпорындардың, ұйымдардың және халықтың арасында пайда болады.

2. сыртқы - несиені қатынастарына бір жағынан, үкімет, биліктің жергілікті органдары, екінші жағынан басқа мемлекеттің үкіметтері, банктері, компаниялары, сондай-ақ халықаралық қаржы банк ұйымдары араласады. Несиені беруші тарап мемлекет-донор немесе ұйым-донор, ал несиені алушы ел реципиент-ел деп аталады.

3. шартты – отандық қарызгерлер: кәсіпорындар, ұйымдар, фирмалар, жергілікті билік органдары алған қарыздарына басқа елдердің несиенігерлеріне берілген кепілдіктер бойынша үкіметтің міндеттемелері ретінде болады. Қарыз шарттары орындалмаған жағдайда үкімет отандық қарызгердің уақыты келген міндеттемелері бойынша қарызгердің мүлкінен немесе басқа активтерінен бюджет қаражаттары есебінен қарыздың соммасын төлейді.

Мемлекет қарыз алушы ретінде ғана емес, сонымен бірге несиенігер ретінде де бола алады.

Мемлекеттік несиелендірудің негізгі сферасы – күрделі жұмсалымдар: басым өндірістерді қаржыландыру; тұрғын-үй құрылысын қаржыландыру; экономикалық және әлеуметтік инфрақұрылым салаларын қаржыландыру.

Несиені капитал нарығында мемлекет гарант ретінде де бола алады.

Мемлекеттік несиенің көздері -

кәсіпорындарда,

банктерде,

зейнетақы қорларында,

сақтық қорларында,

халықта пайда болатын уақытша бос қаражаттар.

Мемлекет несиелі ресурстарын:

1. бюджет тапшылығын қаржыландыру;
2. ұлттандырылған және аралас кәсіпорындарға жұмсалатын күрделі жұмсалымдарды қаржыландыру;
3. биліктің жергілікті органдарының шаруашылық органдарын қаржыландыру;
4. елдің ақша айналысын реттеу үшін пайдаланылады.

Ішкі мемлекеттік несиенің нысандары:

1. мемлекеттік қарыздар шығару;
2. коммерциялық банктен алынатын халықтың салымдарының бір бөлігін мемлекеттік қарыздарға айналдыру;
3. қазынашылық несиелер.

Мемлекеттік несиенің негізгі нысаны ---**мемлекеттік қарыздар**.

Мемлекеттік қарыздар- нәтижесінде мемлекет белгілі бір мерзімге және белгілі бір ақша қаражаттарының белгілі бір соммаларын алатын мемлекет пен заңды және жеке тұлғалар арасындағы қарыз қатынастары.

Қарыздар мынадай қасиеттері бойынша ажыратылады:

1. өтеу мерзімі бойынша;
2. орны бойынша;
3. орналастыру әдістері бойынша;
4. қарыз валютасы бойынша;
5. эмитенттер бойынша;
6. табыстылық түрлері бойынша.

Кесте 1.

Қарыздардың ажыратылу қасиеттері	Түрлері
өтеу мерзімі бойынша	1. қысқа мерзімді; 2. орта мерзімді; 3. ұзақ мерзімді.
орны бойынша	1. ішкі; 2. сыртқы.
орналастыру әдістері бойынша	1. еркін айналатын; 2. жазылу бойынша орналастырылатын; 3. мәжбүрleme.
қарыз валютасы бойынша	
эмитенттер бойынша	1. үкіметтің қарыздары; 2. жергілікті билік органдарының қарыздары (муниципалдық қарыздар).
табыстылық түрлері бойынша	1. пайыздық; 2. ұтыс немесе лотереялық.

Үкіметтің қарыз алуы республикалық бюджеттің тапшылығын қаржыландыру мақсатында, Ұлттық банктің қарыз алуы төлем балансын қолдау және Ұлттық банктің алтын –валюта активтерін толықтыру мақсатында, сондай-ақ елдегі жүргізіліп отырған ақша-несиелі саясатымен айқындалатын басқа да мақсаттарында жүзеге асырылады. Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қарыз алуы

аймақтық инвестициялық бағдарламаларды қаржыландыруға байланысты жергілікті бюджеттің тпашылығын жабу мақсатында жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қарыздардың мынадай түрлері мен нысандары болады:

1. қарызгерге қатысы бойынша:

ҚР Үкіметінің қарыздары;

ҚР Ұлттық банкінің қарыздары;

Жергілікті атқарушы органдарының қарыздары болып бөлінеді.

2. несие капиталының нарықтары бойынша:

сыртқы мемлекеттік қарыздар;

ішкі мемлекеттік қарыздар.

3. қарыз алу нысаны бойынша:

мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар шығару;

қарыз келісім шарттарын жасасу болып бөлінеді.

4. қолдану мерзімі бойынша:

қысқа мерзімді;

орта мерзімді;

ұзақ мерзімді.

Қазынашылық несиелер – шаруашылық жүргізуші субъектілергі немесе бюджет қаражаттары есебінен мемлекеттік билік пен басқару органдарының халыққа қаржылық көмек көрсету жөніндегі ақша қатынастарын білдіреді.

Мемлекеттік несие әдістері қарыздарды шығарудың шаттарымен анықталады: табыстылықты анықтаудың және табыс алудың әдістері, іс-қимылдың мерзімі, орналастыру амалдары (облигацияларды, бондарды еркін сатып алу және сату, жазылу, мәжбүрleme орналастыру), өтеу амалы (облигациялар бойынша ұтыстар, қордаланған пайыздық кірісі бар облигацияларды төлеп (сатып) алу, мерзімсіз қарыздарда – пайыздық кірісті дүркіндеп төлеу).

Мемлекеттің борышын басқару әдістері де бар.

Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер әдісі: дисконттың мөлшері, кесіп тастау бағасы, көрсетулі құны бойынша МҚМ-ды өтеу, өтеу мерзімі, аукциондарды өткізудің тәртібі.

Мемлекеттік борыш- Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің борышына немесе мәслихаттардың шешімдерімен жергілікті атқарушы органдардың борышына жатқызылған алынған және өтелмеген мемлекеттік қарыздардың белгілі бір күнге, сондай-ақ борыштық міндеттемелердің белгілі бір күнге сомасы. Мемлекеттік борыш ішкі және сыртқы мемлекеттік борышты кіріктіреді. Мемлекеттік ішкі борыш дегеніміз-Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің және жергілікті атқарушы органдарының Қазақстан Республикасының қарыз беруші резиденттерінің алдындағы мемлекеттік ішкі қарыздары мен басқа да борыштық міндеттемелері бойынша мемлекеттік борыштың құрамды бөлігі. Мемлекеттік сыртқы борыш дегеніміз-Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің, Қазақстан Республикасының қарыз беруші резидент еместерінің алдындағы мемлекеттік сыртқы қарыздар мен басқа да борыштық міндеттемелері бойынша мемлекеттік борышының құрамды бөлігі.

Мемлекеттік борыш анықтамасы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде берілген. Мемлекеттік борыш - Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес, өзара талаптарды есепке алмай, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің борышына немесе мәслихаттардың шешімдерімен жергілікті атқарушы органдардың борышына жатқызылған алынған (игерілген) және өтелмеген мемлекеттік қарыздардың, концессиялық міндеттемелердің белгілі бір күнге, сондай-ақ борыштық міндеттемелердің белгілі бір күнге сомасы. Осылайша, Қазақстанның мемлекеттік борышы Үкіметтің, Ұлттық банкінің және жергілікті атқарушы органдардың борыштарын қамтиды.

Мемлекеттік борыштың пайда болуы бюджет тапшылығын қаржыландыру және қоғамдық мұқтажды қанағаттандыру үшін ақша ресурсын тартудың бір нысаны ретінде мемлекеттік қарызды пайдаланумен туындаған. Мемлекеттік борыштың болуы белсенді дамушы мемлекет үшін қалыпты жағдай болып табылады. Мемлекеттік борыш өз бетінше елдің экономикасы үшін оң немесе теріс фактор болып табылмайды. Егер оның экономикасы тұрақты болса, заң шығарушы база осы қарым-қатынас саласын нақты белгілейді және мемлекеттік борыштың болуы елдің халықаралық имиджіне теріс әсер етпейді. Мысалы, АҚШ экономиканың көптеген көрсеткіштері бойынша көшбасшы бола тұра, оның мемлекеттік борышы да бар.

9.2. Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Мемлекеттік несие мәні.
2. Мемлекеттік борыш және оны басқару.
3. Халықаралық мемлекеттік несие.
4. Мемлекеттік несие нысандары мен әдістері.
5. Мемлекеттік несиенің басқа несиеден айырмашылығы.
6. Мемлекеттік несие мен мемлекеттік борыш сыныптамасы

10. Тақырып. Мемлекеттік қаржыны басқаруды ұйымдастыру

Негізгі түсініктер: *Мемлекеттің қаржысын басқару түсінігі. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысын басқару. Қаржыны басқарудың жергілікті қаржылық органы. Кәсіпорын деңгейіндегі қаржылық басқару. Қаржы менеджментінің түсінігі. Қаржыны басқарудың автоматтандырылған жүйесі.*

10.1. Әдістемелік нұсқау

Қаржыны басқару - бұл қаржыны және шектесуші экономикалық және әлеуметтік жүйелерге оларды жетілдіру және дамыту мақсатымен ықпал жасау процесі және қаржы қатынастарының бүкіл жиынтығының тиімді жұмыс істеуіне жетуді және мұның негізінде тиісті қаржы саясатын жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі мемлекет шараларының жиынтығы. Қаржыны басқару – бұл тиісті қаржы саясатына жетудің мақсаты; қаржы механизмі – бұл мақсатқа жетудің құралы; қаржы саясаты – қаржыны басқарудың тиісті процесінің түпкілікті қорытынды нәтижесі.

Қаржыны басқарудың негізіне мына қағидаттар қойылған:

1. басқарудағы демократизм;
2. қаржы мәселелеріне саяси тәсілдеме;

3. Басқарудағы экономикалық және әкімшілік әдістердің оңтайлы үйлесуі;
4. Басқарудың ғылымилығы;
5. Орталықтандырылған, салалық және аумақтық басқарудың келісушілік;
6. Басқарудағы жауапкершілік;
7. Шаруашылық шешімдерінің сабақтастығы.

Қаржыны басқаруда мынадай бірнеше өзара байланысты нақтылы функциялық элементтерді бөледі: ақпарат, жоспарлау, (болжау), ұйымдастыру, реттеу, бақылау.

Қаржылық ақпараттың ғылыми негізделген жоспарлау мақсаты үшін де, сондай-ақ бүкіл қаржы процесін оперативті басқару үшін де зор маңызы бар. Жоспарлау процесіндегі басқару шешімдері қаржы ақпаратына талдау жасау негізінде қабылданады, ол осыған байланысты жеткілікті толық және ақиқат болуы тиіс. Ақпаратты алудың ақиқаттығы мен уақытылығы негізделген шешімдер қабылдауды қамтамасыз етеді. Қаржылық ақпарат бухгалтерлік, статистикалық және оперативтік есеп беруге негізделеді.

Жоспарлау қаржыны басқарудың жүйесінде маңызды орын алады. Бұл-жоспарлы тапсырмаларды орындауға қажетті ақша қаражаттарының мөлшерін және оның көздерін анықтау; орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ақша қорлары арасында, ұлттық шаруашылықтың салалары мен әкімшілік-аумақтық бірліктері арасында қаражаттарды бөлудің оңтайлы үйлесімін белгілеу; ресурстарды пайдаланудың нақты бағыттарын анықтау және т.б.

Ұйымдастыру – басқарудың барлық буындарының жөнге салынғандығын, айқындығын, қаржы ақпаратының жоғары нәтижелілігін басқару қызметкерлерінің жауапкершілігі мен тәртіптілігін білдіреді.

Қаржылық реттеу – бұл жоспарлы тапсырмалардың орындалуы үшін қаржы ресурстарын икемді, шебер жұмсау, белгіленген нәтижеден теріс ауытқулардың барлық түрін алдын алуға және жоюға бағытталған; мұның өзі резервтік қорлары, жоспардан тыс қаржы ресурстары, пайданылмаған қаржылар есебінен қызметтердің барлық түрлерінде арақатынас пен үйлесімділікті қамтамасыз етуді білдіреді.

Қаржыны басқару стратегиялық, яғни қаржыны жалпы басқару және оперативтік басқару болып ажыратылады. Стратегиялық басқару қаржы ресурстарын келешекте болжау арқылы анықтауда, мақсатты бағдарламаларды және басқаны іске асыруға арналған қаржы ресурстарының ауқымын белгілеуде көрінеді. Қаржы менеджменті- кәсіпорында инвестицияларды қоса барлық қаржы процестерін қалыптастыру және реттеу, жоспарлау, шешімдер қабылдау, өкімдер әзірлеу және бақылау сатыларын қамтиды; демек, бұл ұғымның ауқымы тар мағынадағы қаржылық жоспарлау ұғымының ауқымынан кең. Стратегиялық қаржы менеджменті инвестицияларды және капитал құрылымын ұзақ мерзімді басқаруды қамтиды. Оралымды қаржы менеджменті өтімділікті қамтамасыз етуге жатады.

10.2. Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Қаржыны басқару туралы ұғым.
2. Басқарудың қағидаттары, элементтері.
3. Қаржыны басқаруды жетілдірудің қажеттігі.
4. Қаржы аппараты, оның құрылымы

11. Тақырып. Қаржылық жоспарлау мен болжау.

Негізгі түсініктер: *Қаржылық жоспарлау ұғымы. Қаржылық жоспарлау әдістері мен принциптері. Нарық экономика жағдайындағы қаржылық болжаудың дамуы. Қаржы жоспарлауының формасы қаржы жүйесіне тәуелді болып келеді. Мемлекеттік деңгейдегі қаржылық жоспарлау. Бюджеттік жоспарлау, оның құрылымдық принципі.*

11.1. Әдістемелік нұсқау

Қаржылық жоспарлау мен болжау – бұл қаржы механизмінің қосалқы жүйесі, саналы басқарудың аса маңызды элементтерінің бірі және әлеуметтік-экономикалық жоспарлаудың құрамды бөлігі. Олар экономиканың үйлесімді және тепе-теңдік дамуына жетуге, біртұтас ұлттық шаруашылық кешенінің барлық буындарының қызметін үйлестіруге, қоғамдық өндіріс өсуінің жоғарғы қаржының қамтамасыз етуге, халықты әлеуметтік қорғауға бағытталған. Қаржылық жоспарлаудың өзіндік ерекшелігі сол, бұл жоспарлау өндірістің материалдық-заттай элементтері турасында, ақшамен қоғамдық ұдайы өндіріске белсенді ықпал жасау турасында ақша қозғалысының салыстырмалы дербестігімен шарттасылған ақша нысанында жүзеге асырылады.

Қаржылық жоспарлаудың объектісі шаруашылық жүргізуші субъектілері мен мемлекеттің қаржылық қызметі, ал қорытынды нәтижесі қаржы жоспарлары мен жеке мекеменің сметаларынан бастап мемлекеттің жиынтық қаржы жоспарына дейінгі қаржы жоспарларын жасау болып табылады. әрбір жоспарда белгілі бір мерзімге белгіленген кірістер мен шығыстар, қаржы және несие жүйелерінің буындары мен байланыстары анықталады.

Қаржылық жоспарлаудың нақтылы міндеттері қаржы саясатымен айқындалады. Бұл: жоспарлы тапсармаларды орындауға қажетті ақшаның көлемі мен олардың көздерін анықтау; кірістерді өсірудің, шығыстарды үнемдеудің резервтерін анықтау; орталықтандырылған және орталықтандырылмаған қорлар арасында қаражаттарды бөлуге оңтайлы үйлесімдерді белгілеу және басқалары.

Қаржылық болжау – мемлекеттің мүмкін болатын қаржы жағдайын алдын ала көре білу, қаржы жоспарларының көрсеткіштерін негіздеу. Болжамдар орташа мерзімді және ұзақ мерзімді болуы мүмкін. Қаржылық болжау қаржы жоспарларын жасау стадияларынан бұрын болады, қоғам дамуының белгілі бір кезеңіне арналған қаржы саясатының тұжырымын жасайды. Қаржылық болжаудың мақсаты – болжанған кезеңдегі қаржы ресурстарының шанайы мүмкін болатын ауқымын, оларды қалыптастырудың көздерін және пайдалануды анықтау болып табылады. Болжамдар қаржы жүйесінің органдарына қаржы жүйесін дамыту мен жетілдірудің түрлі нұсқаларын, қаржы саясатын іске асырудың нысандары мен әдістерін белгілеуге мүмкіндік береді.

Қаржылық болжау әр түрлі әдістерді қолдануды қажет етеді:

1. экономикалық процестерді анықтайтын факторларға қарай қаржы жоспарлары көрсеткіштерінің динамикасын бейнелеп көрсететін экономикалық үлгілерді жасау;
2. корреляциялық-регрессиялық талдау;
3. тікелей сараптамалық бағалау әдісі.

11.2. Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Қаржылық жоспарлаудың мазмұны, оның ерекшеліктері және әлеуметтік-экономикалық жоспарлаумен байланысы.
2. Қаржылық болжаудың дамуы.
3. Қаржылық жоспарлаудың қағидаттары, әдістері, кезеңдері.

12. Тақырып. Қаржы қатынастарын құқықтық қамтамасыз ету

Негізгі түсініктер: *Қаржы құқығы, қаржы-құқықтық нормалар, санкциялар, жауапкершілік, қаржы-құқықтық механизм, қаржы заңнамасы.*

12.1. Әдістемелік нұсқау

Қаржы құқығы – мемлекеттің қаржылық қызметімен байланысты қатынастарын реттейтін құқық саласы.

Қаржы құқығында қаржы-құқықтық нормалар - құқықтың негізгі бастапқы элементтері, яғни мемлекет белгілеген және қаржы қатынастарындағы мемлекеттік мәжбүрлеу шараларымен қамтамасыз етілген әрекеттің қатаң белгілі бір ережесі пайдаланылады. Сөйтіп, қаржы-құқықтық нормалардың императивтік сипаты болады. Қағида бойынша олардың үзілді кесілді нысанда нысанда көрінетін талаптары болады және оларды беталды өзгерте беруге жол берілмейді, қаржы қатынастары қатысушыларының құқықтары мен міндеттерінің ауқымын дәл анықтайды. Қаржы-құқықтық нормалар міндеттеушілік, тыйым салушылық және уәкілеттілік (яғни белгілі бір іс-қимылдарды жасауға бағытталған қаржы қатынастары қатысушыларының бекітуші құқықтары) болып бөлінеді.

Санкциялар қаржы-құқықтық нормаларды бұзушыларға қолданылатын жауапкершілік шараларды білдіреді.

12.2. Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Қаржы құқықтық қатынастар және қаржы - құқықтық нормалар.
2. Мемлекеттің қаржылық қызметі және оны заңнамалы жүзеге асыру.
3. Қаржы заңнамасы жүйесіндегі қаржы - құқықтық актілері.
4. Қаржы-құқықтық механизм.
5. Мемлекеттік қаржылық қызметке әсер ететін факторлар.

13. Тақырып. Қаржылық бақылау

Негізгі түсініктер: *Мемлекеттік қаржылық бақылау, қаржылық бақылау түрлері, қаржылық бақылау әдістері, аудиторлық бақылау, банктік бақылау, қазынашылық, Қазақстан Республикасының қаржы министірлігінің қызметі, бақылау, тексеру, талдау, ревизия, қаржылық басқарудың орталығы – Үкімет.*

13.1. Әдістемелік нұсқау

Негізінде қаржылық бақылауды іске асыру, біріншіден, барлық шаруашылық субъектілердің қаржылық заңнамалар мен қаржылық тәртіпті сақтауларын бақылау жөніндегі арнайы құрылған органдардың заңнамалы реттелген іс-әрекетін маңыздайды. Екіншіден, қаржылық бақылау- ол қажеттілігі қоғамдық дамудың объективтік мұқтаждарымен дәйектелген қаржылық процестерді басқарудың

міндетті элементі және маңызды функцияларының бірі, себебі қоғамдық қаржы құралдарын басқару қоғамның алдында өзінің жауапкершілігін құштар етеді.

Қаржылық бақылаудың негізі мақсаты – бюджетке ақша құралдарын түсуін максималдау, оларды ашық түрде пайдалануын қамтамасыз ету және мақсатсыз жұмсамауды жібермеу. Осы негізгі мақсатты және қаржылық бақылаудың мазмұнын келесі мәселелерді шешу ашып көрсетеді:

- Бюджетке құралдардың толық және өз уақытында түсуін тексеру;
- Бюджет құралдарын тиімді, мақсатты және үнемді пайдаланылуын тексеру және талдау;
- Қаржылық бақылау объектілерінің қаржылық міндеттемелерін орындауды тексеру;
- Қаржылық бақылау объектілерінің қаржылық тәртіп пен қаржы операциялар тәртібінің, ақша құралдарының есептемелері мен сақтауының орындалуларын тексеру.

Қаржылық бақылаудың маңызы, бір жағынан қаржылық бақылау объектілерінің қаржылық іс-әрекетте заңнамалы белгіленген тәртіпті сақтауды тексерумен, екінші жағынан осы объектілердің жүргізіп жатқан қаржы операцияларының тиімділігі мен экономикалық қажеттілігін, олардың қоғам, жалпы мемлекет мақсаттарына сәйкестігін тексерумен нақтыланады.

Басқару жүйесінің қажетті бөлігі болып табылатын қаржылық бақылауды жүргізу – бақылау объектілерінің нақты ахуалы жөнінде толық ақпарат алуға мүмкіншілік береді. Ал мұндай ақпарат арқылы объектілердің іс-әрекет нәтижелерін бағалауға, жіберілген ауытқулар мен олардың салдарын, жалпы айтқанда басқарушылық шешімдердің тиімділігін анықтауға болады.

Бақылаудың критерийлер бойынша жіктелген келесі формалары анықталады:

- жүргізу регламенті бойынша – сыртқы (міндетті), ішкі (ынталы);
- жүргізу уақыты бойынша – алдын ала, ағымдағы (оперативтік), кейінгі;
- бақылау субъектілері бойынша – президенттік, биліктің өкілдік органдарын, қаржы органдарын, ведомстволық, ішкі фирмалық, аудиторлық;
- бақылау объектілері бойынша – бюджеттік, салықтық, валюталық, сақтандырушылық, несиелік, инвестициялық, кедендік, ақша массасын бақылау.

Қазіргі уақытта қаржының бөлгіштік және ұдайы өндірістік тәрізді екі тұжырымдамасы бар. Бұл тұжырымдамаға сәйкес қаржы екі функция орындайды: бөлу және бақылау.

Бөлу функциясы қаржы құралдарын қоғамдық жалпы өнім мен оның аса маңызды бөлігі – ұлттық табысты, сондай-ақ ұлттық байлықтың бір бөлігін бөлу және қайта бөлу процесінде пайдаланған кезде көрінеді.

Қаржының бақылау функциясы қаржы органдарының сан қырлы қызмет арқылы жүзеге асырылады. Қаржы жүйесі мен салық службасы қызметкерлері қаржылық бақылауды қаржыны жоспарлау процесінде, бюджет жүйесінің кіріс және шығыс бөлігінің атқарылуы кезінде жүзеге асырылады.

Бақылау функциясы қаржылық бақылауда – жалпы ішкі өнімді тиісті қорларға бөлуге және оларды мақсатты арналым бойынша жұмсауға бақылау жасауда көрінеді. Қаржының бақылау функциясының экономикалық мағынасы кәсіпорынның, фирманың шаруашылық – қаржы қызметіне теңгемен бақылау жүргізу. Бұл бақылау материал, еңбек және ақша ресурстарын өнімсіз әрі

тиімсіз пайдалануды анықтап қана қоймай, сонымен бірге кәсіпорындарда, фирмаларда өндіріс рентабелділігін арттырудың резервтерін ашуға, өндірістік емес шығындарды болдырмауға мүмкіндік береді. Қаржының бақылау функциясын жүзеге асырудың нысаны қаржылық көрсеткіштерді білдіретін қаржы ақпараты болып табылады.

13.2. Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Мемлекеттік қаржылық бақылау
2. Қаржылық бақылау түрлері
3. Қаржылық бақылау әдістері
4. Аудиторлық бақылау
5. Банктік бақылау
6. Қазынашылық
7. Қазақстан Республикасының қаржы министірлігінің қызметі
8. Бақылау
9. Тексеру
10. Талдау
11. Ревизия
12. Қаржылық басқарудың орталығы – Үкімет

2. Бөлім. «МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫЛАРДЫ БАСҚАРУ» ПӘНІ БОЙЫНША ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Төмендегі ұдайы өндіріс процесінің сатыларының қайсысы «қаржы» категориясының ұдайы өндіріс концепциясына жатады.
А) өндіріс, бөлістіру, айырбастау, тұтыну.
В) бөлістіру, айырбас.
С) айырбас, тұтыну.
D) өндіріс, тұтыну.
E) өндіріс және бөлістіру .
2. Берілген тізбектен қаржы функциясына тиістісін анықтаңыз:
А) тұрақтылық, абстрактілік, мәнін көрсету амалы, қоғамдық белгілеу категориясының көрінісі .
В) тұрақтылық , нақтылық , абстрактілік , дәлдік .
С) әртүрлі ықтимал , дәлдік , тұрақтылық , нәтижелік .
D) мәнін көрсету амалы , нақтылық , абстрактілік және тұрақтылық .
E) тұрақтылық , нәтижелік , функционалдық .
3. Қаржының объективті қажеттілігі немен байланысты:
А) тауар – ақша қатынасының болуы .
В) ақшаның пайда болуы .
С) мемлекеттің болуымен байланысты .
D) қоғамдық дамудың қажеттілігімен .
E) социалды – экономикалық қажеттіліктермен .
4. Келесі бекітулердің қайсысы « қаржы » түсінігін береді:
А) ақшалай ресурстар , мемлекет қарамағында , шаруашылық субъектілер , халық .
В) мемлекеттің ақшалай қаражаттарының мақсатты қоры және шаруашылық субъектілер
С) бірінші жағынан мемлекет арасында пайда болатын ақшалай қатынастар, екінші жағынан шаруашылық субъектілер .

D) қоғамдық өнімнің бағасын бөлу кезіндегі өндірістік қатынастардың бөлігі, мақсатты ақшалай қаражаттың қолдануы және пайда болуы .

E) қаржы министрлігі және оның қаржылық ресурстарын оперативті басқару .

5. Берілген тізбектегі қаржының атқаратын рөлін белгілеңіз:

A) тұрақтылық, абстрактілік, нақтылық, дәлдік.

B) мәнін көрсету амалы, дәлдік, тұрақтылық.

C) әртүрлі ықпал, нақтылық, дәлдік, практикалық қолданыстың нәтижесі.

D) мәнін көрсету амалы, нақтылық, абстрактілік.

E) бірлестік, толықтық, нақтылық және жариялық.

6. Берілген тізбектен қаржының ерекше белгілерін анықтаңыз .

A) ақшалай және үлестіру .

B) үлестіру , ұдайы өндірістік , балама емес .

C) үлестіру , директивалық және бақылаулық .

D) ақшалай , үлестіру , директивалық , қор сипаты , балама емес құнның қозғалысы .

E) қайта үлестіру, қайтарылмайтын , директивалық және бақылаулық .

7. Қаржының қандай функциялары үлестіру құрылымына сәйкес келеді

A) үлестірімелі және ұдайы өндірістік .

B) үлестірімелі және бақылаулық .

C) ақшалай кірістерді және қорларды құру , олардың қолданылуы және бақылаулығы .

D) ақшалай , үлестірімелі , директивалық .

E) орналастыру, экономиканы тұрақтандыру , қайта үлестіру .

8. Қаржылық жүйенің звеносын анықтаңыз:

A) мемлекеттік бюджет, қаржылық басқару аппараты, кәсіпорындар мен ұйымдар қаржысы

B) бюджеттен тыс қорлар, мемлекеттік бюджет, мемлекеттік несие.

C) жалпы мемлекеттік қаржы, кәсіпорын қаржысы, ұйым және мекеме, халық қаржысы

D) материалдық өндіріс сферасының қаржысы, халық қаржысы, мемлекеттік бюджет.

E) жалпы мемлекеттік қаржы, шаруашылық субъектісінің қаржысы, халық қаржысы.

9. Қаржы жүйесінің ұйымына келесі принциптер жатады:

A) біртұтастық, толықтылық, нақтылық, жариялық.

B) біртұтастық, функционалдық белгілеу, орталықтанған және демократиялық сәйкестенуі, ұлттық және аймақтық мүдделерін қорғау.

C) жоспарлық, шаруашылық есеп, демократия.

D) біртұтастық, үздіксіздік, нақтылық.

E) функционалдық белгілеу , толықтылық , нақтылық , коммерциялық есеп .

10. Қаржылық механизм нені көрсетеді.

A) түрлер жүйесін, ұйымның нысандары мен әдістерін, қаржыны жоспарлау және басқару.

B) ұйымның қаржылық қатынастарының әдістері мен түрлерінің жүйесін, нәтижесінде ақшалай қордың қолдануы және пайда болуы .

C) қоғамның қажеттіктерін қанағаттандыруға бағытталған, өндірістік қатынастардың әдістері мен түрлерінің жиынтығы.

D) құн формасында өнім қозғалысын қамтамасыз ететін әдістер мен түрлерінің жиынтығы

E) қаржылық жүйе ұйымдарының критерийлерінің жиынтығы .

11. « Қаржылық саясаттың » ең нақты анықтамасын табыңыз:

A) көзқарастар жүйесі , қаржылық қатынастарға көзқарас, оның қоғамдық рөлі .

B) мемлекеттік органдар әсерімен жүретін қаржылық жүйе ағымындағы процестер жиынтығы .

C) мемлекеттің экономикалық жағдайының өзгеру кезіндегі саяси қызметтерінің « қаржыға » байланысты қылығының өзгеруі .

D) мемлекеттік қаржы жөнінде қызметтері мен міндеттерін іске асыруға бағытталған шаралар жиынтығы .

Е) қаржы сферасындағы концепциялар жүйесі, құқықтық актілер, нормативті ережелер.

12. Салық қызметінің құрылымы келесі түрде беріледі :

А) Салық Комитеті, Салық полициясы, Кедендік Комитет, алкогольді өнімдердің өндірісі мен айналымын бақылайтын Комитет.

В) Салық Комитеті, мемлекеттік мүлік жөніндегі Комитет, Кедендік Комитет

С) Салық Комитеті, ішкі алыс-беріс жөніндегі Комитет, алкогольді өнім-дердің өндірісі мен айналымын бақылайтын Комитет, Қазына Комитеті.

Д) ҚР – ң Қаржы Министрлігінің салық Департаменті .

Е) дұрыс жауап жоқ .

13. Қаржыны басқарудағы өзара байланысқан элементтерді атаңыз :

А) ақпарат, демократизм, жауапкершілік, реттеу, бақылау .

В) ғылымилық, ұйым, жоспарлау, шаруашылық шешімдер сабақтастығы

С) экономикалық және әкімшілік әдістерінің тиімді ұштастырылуы, ғылымилық, демократизм , ұйым .

Д) ақпарат, жоспарлау, ұйым, реттеу, бақылау.

Е) әкімшілік орталықтандыру, өкілеттілікті шектемеу.

14. Қаржылық жоспарда келесі әдістер қолданылады:

А) экстраполяция, баланстық, коэффициенттер әдісі, интерполяция.

В) коэффициенттер әдісі, нормативтік, компоненттер әдісі, есептердің нұсқауларының көптігі, бағдарламалық-мақсаттық .

С) интерполяция, коэффициенттер әдісі, бағдарламалық – мақсаттық, байланыстық.

Д) экстраполяция, баланстық, сараптық бағалау, нормативтік, экономикалық- математикалық

Е) баланстық, бағдарламалық – мақсаттық, интерполяция.

15. Бастапқы құқықтық элементтер, мемлекетпен белгіленген және мемлекеттік мәжбүрлеу шараларымен қамтамасыз етілген, қаржылық қатынастарда қатаң белгіленген ережелер-бұл

А) қаржылық құқықтық қатынас.

В) қаржылық құқық элементтері.

С) қаржылық құқық әдістері.

Д) қаржылық – құқықтық нормалар.

Е) қаржылық – құқықтық актілер.

16. Қаржылық – құқықтық механизмнің құрылымын анықтаңыз .

А) мемлекеттік міндеттерді атқаруға ақшалай қорларының пайда болуы, оның бөлістіруі мен қолданылу кезіндегі қаржылық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жиынтығы .

В) қаржылық қызметті қамсыздандыруға және қаржылық процестерді басқаруға арналған қаржылық – құқықтық актілер жиынтығы .

С) объектерінің әлеуметтік-экономикалық дамуы, шаруашылық қызметтегі көздеген нәтижелерге жету жолындағы, мемлекеттік – биліктік мәжбүрлеу немесе міндетті орындау қаржылық операциялардың әдіс-тәсілдерінің жиынтығы .

Д) шаруашылық-басқару органдары мен мемлекеттік билік және басқару органдарының балансталған қаржылық жүйесінің дамуы мақсатында бекітілген, құқықтық актілері мен құқықтық емес нормалар жиынтығы .

Е) стратегиялық даму міндетін шешу мақсатында, мемлекеттік және шаруашылық органдардың заңдылықтар мен уәкілеттілікті пайдалана отырып, қаржылық және әлеуметтік – экономикалық процестерді басқару қызметі .

17. Қаржылық бақылау нысандарын анықтаңыз.

А) алдын – ала, ішкі шаруашылық, қоғамдық.

В) мемлекеттік, аудиторлық, ведомствалық.

С) парламенттік, ағымдық, ішкі шаруашылық.

Д) алдын – ала, ағымдық, кезекті .

Е) ағымдық, кезекті, депутаттық.

18. Ревизия тексеру, зеттеу, қаржылық жоспарлаудың жобасын қарау, лауазымды адамдардың есебін тыңдау, шаруашылық қызметті талдау – бұл :

- A) қаржылық жоспарлаудың әдістері .
- B) қаржылық бақылаудың әдістері .
- C) қаржылық басқару әдістері .
- D) қаржылық бақылаудың формалары .
- E) ұйымның қаржылық бақылауының тәсілдері .

19. Үкімет қолындағы ақша ресурстарының орталықтанған қоры –

- A) қаржы жүйесі;
- B) мемлекеттік бюджет;
- C) жиынтық ұсыныс;
- D) нарық;
- E) несие жүйесі.

20. Коммерциялық емес ұйымдар мен мекеме қызметінің материалдық негізі :

- A) негізгі және айналым қорлар .
- B) бюджеттен тыс қорлар .
- C) мемлекеттік бюджет қаражаттары .
- D) негізгі өндірістік емес бағыттағы қор .
- E) қаржылық қорлар .

21. Мемлекеттік бюджет, бюджеттен тыс қорлар, мемлекеттік несие, мемлекеттік кәсіпорын-ның қаржысы қандай ұғымды береді.

- A) мемлекеттік қаржы .
- B) қаржы жүйесінің бөлігі.
- C) мемлекеттік пайда.
- D) қаржы жүйесінің звенасы.
- E) қаржы жүйесінің элементтері.

22. Жергілікті қазынаға қатыстылар:

- A) мемлекеттік бюджеттің қаражаттары, мемлекет меншік құқығына айрықша мүліктер.
- B) жергілікті бюджет қаражаты, коммуникациялары меншікке жататын мүліктер.
- C) мемлекеттің алтын валюталық запастары, жергілікті бюджет қаражаттары.
- D) республикалық және жергілікті бюджет қаражаттары .
- E) дұрыс жауап жоқ .

23. Қаржылық мазмұны бойынша мемлекеттің кірістері келесіге бөлінеді:

- A) салықтық және салықтық емес .
- B) орталықтандырылған және орталықтандырылмаған.
- C) республикалық және жергілікті.
- D) кірістер, материалды өндіріс сферасындағы пайда және өндірістік емес сферадағы пайда
- E) дұрыс жауап жоқ .

24. Мемлекеттік кірістердің негізгі көзі:

- A) ұлттық түсім.
- B) ұлттық байлық.
- C) салықтар.
- D) мемлекеттік қарыздар
- E) Мемлекеттік шығындар

25. Салықтар келесі функцияларды орындайды .

- A) үлестіру және бақылау.
- B) үлестіру және ұдайы өндірістік.
- C) қазыналық, үлесімдік және реттеулік.
- D) қазыналық, қайта үлестіру және реттеулік.

Е) үлестіру, реттеулік, ынталандыру.

26. Заң бойынша салықты төлеу міндеті жүктелген заңды немесе жеке тұлға:

- А) салықтық агент.
- В) салық объектісі.
- С) салық салынушы.
- Д) салық көзі.
- Е) салық төлеуші.

27. Қаржыландыру формаларын көрсетіңіз:

- А) трансфертті, өзін - өзі қаржыландыру, дотация.
- В) смета –бюджеттік, экономикаға шығындар, эммициондық .
- С) дотация, субвенция, субсидия .
- Д) білімге, ғылымға, денсаулық сақтауға шығындар .
- Е) спонсорлық қаржыландыру, грант, қарыздар.

28. ”Мемлекеттік шығындар” және “Мемлекеттік бюджет шығындары” түсініктері арасындағы байланыс:

- А) олар ұқсас
- В) оларда ортақ ештеңе жоқ
- С) мемлекеттік шығындар мемлекеттік бюджет шығындарының бөлігі болып табылады
- Д) мемлекеттік бюджет шығындары мемлекеттік шығындарының бөлігі болып табылады
- Е) дұрыс жауабы жоқ

29. Жергілікті қаржының құрамын анықтаңыз:

- А) республикалық және жергілікті бюджет
- В) арнайы экономикалық аймақтың қаржысы
- С) жергілікті бюджет, арнайы экономикалық аймақтың қаржысы
- Д) Жергілікті бюджет, жергілікті кәсіпорынның бағыныштылық қаржысы және жергілікті билік органдарының бюджеттен тыс қоры
- Е) Жергілікті бюджет, жергілікті салық қызметі

30. Мемлекеттік несие мына функцияларды атқарады (функцияның субкатегориясының мәнін бөліп көрсету):

- А) ақша қаражаттарының жиынтығы
- В) ақша қаражатының қайта бөлістіру, реттеуші
- С) ұдайы өндірісті ынталандыру
- Д) реттеуші, жынақтаушы
- Е) мемлекеттік бюджеттің тапшылығының орнын жабу

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мельников В.Д. Ильясов К.К. Финансы. Учебник для вузов. – Алматы: ФинЭко, 2001
2. Илиясов Қ.Қ., Құпыбаев С. Қаржы. Учебник для вузов – Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2005
3. Финансы. Учебник для вузов. Под ред. М.В. Романовского и др. – М.: Перспектива. «Юнити», 2002.
4. Финансы. Под ред. А.Г. Грязновой, Е.В. Маркиной. – М.: Финансы и статистика, 2004.
5. Искаков У.М., Бохаев Д.Т., Рузиева Э.А. Финансовые рынки и посредники. Учебник. - Алматы: Экономика, 2005
6. Вавилов Ю.Я. Государственный кредит. Учебн. Пособие для вузов.- М.: Финансы и статистика, 2004
7. Финансовое право. Учебник. / Отв. Ред. Н.И. Химичева.- М.: Юристъ, 1999.
8. Қаржы-қаражат-Финансы Қазақстана, Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің ай сайын шығаттын журналы. Индекс 75750
9. Финансы РФ Қаржы Министрлігінің журналы.
10. Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Сақтандырақ, бухгалтерлік есн, қаржы жөніндегі нормативтік актілер. Арнай басылым. Алматы, Қаржы-қаражат.
11. Қазақстан Республикасы Кіріс Министрлігінің жаршысы.
12. Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің статистикалық бюллетені.
13. Налоговые вести Апталық газет ТОО ДЕМ басылымы.
14. КазЭУ (КазМБА) жаршысы. Т. Рысқұлов атындағы Қазақ Экономикалық Университетінің ғылымтеориялық басылымы. Алматы, Қаржы-қаражат.
15. Налоговый эксперт. Формирование налоговой культуры.
16. Панорама.-Қазақстан Республикасы апталық газеті.
17. Деловая неделя.-Қазақстан Республикасы апталық газеті.

Мазмұны

Кіріспе	3
1 Бөлім. Мемлекеттік қаржыларды басқарудың әдістемелік негізі.....	4
1. Тақырып. Мемлекет қаржысының жалпы сипаттамасы.....	4
2. Тақырып. Қаржы саясаты мен қаржы механизмі.....	6
3. Тақырып. Мемлекеттің кірістері.....	8
4. Тақырып. Салықтар және салық салуды ұйымдастыру.....	9
5. Тақырып. Мемлекет шығыстары.....	11
6. Тақырып. Мемлекеттік бюджет.....	12
7. Тақырып. Жергілікті қаржылар.....	16
8. Тақырып. Мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар.....	18
9. Тақырып. Мемлекеттік несиелер мен мемлекеттік борыш.....	19
10. Тақырып. Мемлекеттік қаржыны басқаруды ұйымдастыру.....	23
11. Тақырып. Қаржылық жоспарлау мен болжау.....	25
12. Тақырып. Қаржы қатынастарын құқықтық қамтамасыз ету.....	26
13. Тақырып. Қаржылық бақылау.....	26
2. Бөлім. «Мемлекеттік қаржыларды басқару» пәні бойынша тест сұрақтары.....	28
Қолданылған әдебиеттер тізімі.....	33

Пішімі 60x84 1/12
Көлемі 35 бет, 3 шартты баспа табағы
Таралымы 20 дана.
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.
Ақтау қаласы, 27 ш/а.